

Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 809 қаулысы.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Energy Asia Holdings Limited" компаниясына "Хорасан-У (Хорасан-У)" бірлескен кәсіпорын" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің акциялар пакетінің 16,02 %-ын "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамының пайдасына иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға рұқсат берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев